

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-
конференцияның материалдары*



СОВРЕМЕННЫЕ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК


*Материалы международной
научно-практической
интернет-конференции*



ТОМ 3

18-27 декабря, 2014 г.

Актобе, Казахстан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ.К.ЖУБАНОВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

K.ZHUBANOV AKTOBE REGIONAL STATE
UNIVERSITY

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференция
18-27 желтоқсан 2014 ж.

**СОВРЕМЕННЫЕ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК**

Международная научно-практическая интернет-конференция
18-27 декабря 2014 г.

MODERN TOPICAL PROBLEMS OF NATURAL SCIENCES

International Scientific Internet Conference
December 18-27, 2014

ТОМ 3

Ақтобе 2014

Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми- практикалық интернет-конференция материалдары. Т.3. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2014. – 425 бет.

Современные актуальные проблемы естественных наук: Материалы международной научно-практической интернет-конференции.Т.3. – Ақтөбе: Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, 2014. – 425 с.

Modern topical problems of natural sciences: Proceedings of the International Scientific Internet Conference. Т.3.– Aktobe: K.Zhubanov Aktobe Regional State University, 2014. – 425 p.

Сборник содержит материалы избранных докладов участников международной научно-практической интернет-конференции по актуальным проблемам естественных наук.

Организационный комитет

Кенжебаев К.К., д.ф-м.н. (председатель)
Кусанова Б.Х., д.ф.н. (зам. председателя)
Нурлыбаев И.Н., д.т.н.
Сартабанов Ж.А., д.ф-м.н
Есназарова Г.Л., к.х.н.

Ученый секретарь конференции

Агишева А.А., к.х.н.

ISBN 978-9965-20-597-2

УДК 001:3

ББК 20

С 56

Печатается в соответствии с планом проведения научных и научно-технических мероприятий Министерства Образования и Науки Республики Казахстан на 2014год.

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2014

Әдебиет

1 Барчуков И. С. Туризм: организация, управление, маркетинг / И. С. Барчуков, А. А. Нестеров, Е. В. Нестерова. – СПб. : ООО «Книжный дом», 2005. – 224 с.

2 Александрова А. Ю. Международный туризм /А. Ю. Александрова. М. : Аспект Пресс, 2001. – 464 с.

3 <http://malimeter.kz>

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ҚОЛДАНУ

Есимова Д. Д., Даулет А. Е., Қуатбай Г. Н

С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университеті, Қазақстан
a_i_d_o_s-1993@mail.ru

Қазақстанның үлкен территориясына (2,7 млн. шар. км) және халық тығыздығының (5,5 адам/ш.км) төмендігіне байланысты электр энергиясымен жабдықтау тиімсіз болып табылады. Өйткені бұл қашықтықтағы тұтынушыларға тасымалдау кезінде энергияның айтарлықтай жойылуына әкеп соғады. Өз кезегінде, баламалы энергия көздерін пайдалану қашықтықтағы елді мекендерді электрмен жабдықтаудың шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Энергияның баламалы көздерін пайдалану ауылдық елді мекендерді және қуатты энергия жүйелерінен қашықтықтағы аудандардың дамуын үдетеді.

Алайда баламалы энергия көздері, ең алдымен жергілікті метеорологиялық, гидрологиялық және климаттық шарттарға, олардың ерекшеліктерін ескере отырып бағдарлануы тиіс[1].

Қазақстанның географиялық жағынан қалай орналасқанына қарамастан, елдегі күн энергиясының ресурстары жағымды құрғақ климаттық жағдайлардың арқасында тұрақты да жайлы болып табылады. Күн сағаттарының саны жылына 2200-3000 сағат құрайды, бұл ауылдық жерлерде күн батареяларының панелін, атап айтқанда фотоэлектр көздерінің ықшам жүйелерін жасауға мүмкіндік береді. Энергияның осындай деңгейінде суды күнмен жылытудың болашағы бар.

Күн энергиясын қолданудың ықтималдығы өте жоғары. Бұл отынның дәстүрлі түрлерін өндіру мен тасымалауға жұмсалатын шығындардың артуына жол бермейді, энергияны алудың экологиялық таза тәсілін қамтамасыз етеді.

Қазақстанның дәстүрлі жел энергиясы қондырғыларын пайдалану кезіндегі жел энергетикалық әлеуетін пайдаланудың техникалық мүмкіндігі 3 млрд. кВт/сағ. бағалануда.

Қазақстанда қашықта орналасқан елді мекендер көптеп саналатын жағдайда, солардың көпшілігінде электр берілісі желісінің жоқтығы, орталықтан жеткізушіге экономикалық тұрғыдан алыстағы шаруашылықтарды, қыстақтарды және теміржол разъездерін, жолы қиын жерлерде орналасқан елді мекендерді, шағын фермаларды, шопан тұрағын, кэмпингтерді және т.б. электр энергиясымен жабдықтау тиімді емес.

Бұл мәселені шешудің тиімді тәсілі сол жердің климаттық жағдайын ескере отырып шағын жел және күн электр станцияларын қолдану қажет.

Биомассаның энергиясы – бұл энергетикалық мақсатта биогаз және органикалық таза тыңайтқыштарды алумен, ауылшаруашылық қалдықтарын пайдаға асыру болып табылады. Қазақстанның ауыл шаруашылығында органикалық қалдықтардың жылдық шығымы шамамен 40 миллион тоннаны құрайды. Осы қалдықтарды биогазды технологиялар бойынша өңдеу шамамен 18 миллиард текше метр биогаз алуға

мүмкіндік береді, бұл шартты отынның 14-15 млн. тоннасына эквивалентті. Осы ресурстарды жартылай пайдаға асыру ауылға және қашықтағы тұтынушыларға алыстан әкелінетін отынды орталықтан жеткізуге деген сұранысты азайтып, сондай-ақ жылу мақсаттарындағы электр энергиясының шығынын айтарлықтай азайтар еді.

Тек қана ауыл шаруашылығы өнімдерінің қалдықтарын қайта өңдеп, жыл сайын 35 млрд. квт/сағат электр жарығын және 44 млн. гигакалория жылу алуға болады екен. Бұл дегеніңіз шаш етектен келетін пайда, әрі қоршаған ортаны таза ұстаудың жолы. Ал бізде оны лақтырып тастап, шірітіп, жан-жағымызды ластап жатырмыз[2].

«ҚазАгроҚаржы» компаниясының энергия қуатын үнемдегіш технологияларды қаржыландыру бойынша жаңа бағыты 2013 жылы жұмысқа кірісті. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне белсенді түрде көмек көрсету үшін, сондай-ақ еліміздің табиғи ресурстарын сақтау мақсатында, Қоғам электр қуатын өндіріп шығаруға арналған отандық және шетелдік өндірістердің жел генераторларын, күн панельдерін және күн сораптарын қаржыландыруды бастады. «Жел және күн энергиясының» арқасында, электр желілерінен шалғай жатқан ауылдық елді мекендерді, қыстақтарды және жолы қиын жерлерде орналасқан елді мекендерді, шағын фермаларды, шопан тұрақтарын жел мен күн энергиясымен қамтамасыз етуге болады. Баламалы энергия көздерінен алынған қуат су сорабының жұмысын қамтамасыз етуге, базды толығымен жарықтандыруға, теледидардың, тоназытқыштың және ұсақ тұрмыстық электр құралдарының жұмысын қамтамасыз етуге жеткілікті болып отыр[3].

Әдебиеттер

1. Койшиев Т. К. Жаңғыртылатын энергия көздері. – 2013. - б. 24 – 27.
2. Глеуов А. Х. Нетрадиционные источники энергии. – 2009. - б. 7 – 8.
3. http://www.kaf.kz/kz/products_company/wind_facility/

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨЛДЕР ЖҮЙЕСІН ТУРИСТІК ШАРУАШЫЛЫҚТА ПАЙДАЛАНУ

(Малайдар көлдер жүйесі негізінде)

Абдуллина А.Г., Ортымова А.А.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
akshunus_a@mail.ru, arailym-19-93@mail.ru

Ақтөбе облысының су айдынының жалпы ауданы 280 573 га немесе облыс территориясының 0,93% құрайды, оның ішінде:

- 1) өзендер мен бұлақтар айдынының ауданы - 96 031 га;
- 2) көлдер айдынының ауданы – 173 293 га, оның ішінде тұщыларының ауданы - 28 648 га (16,5%);
- 3) жасанды су тоғандары айдының ауданы - 11 249 га.

Аймақта тұщы жер асты суы мен минералды су қорлары бар. Жер үсті су ресурстары орташа көпжылдық суланудың бір жылдық көлемі бойынша 3610 млн. м³, жер асты су ресурстары 653 млн. м³ құрайды [1].

Ақтөбе облысы аумағында -ден астам көлдер бар, оның ішінде 227-сі ауданы 1 км² асатындар, ал ең ірі көлдердің айдын ауданы 10 нан 45 км² дейін (Жаркөл, Байтақкөл, Күрдым және т.б.). Аумақтың көлділігі 0,41% тең, яғни Батыс Қазақстан бойынша орта деңгейден жоғары Көлдердің көпшілік бөлігі ағынсыз, тайыз су қоймалары ретінде сипатталады. Аумақтағы жоталар арасындағы жылғаларда және өзендердің аңғарларында эрозиядан пайда болған сопақша келген көлдер орналасқан.